

4

Қазақтың
Бибігүлі

6

Сахнадағы
ертегі ғұмыр

Сыр бойы

19 желтоқсан, бейсенбі 2024 жыл

№194 (20868) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboiy.kz
www.instagram.com/syrboiy_kz
t.me/syrboiy_kz
twitter.com/syrboiy

/// ПРЕЗИДЕНТ


ЕКІЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЯ БЕРЕДІ

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Гвинея-Бисау Президенті Умару Сисоку Эмбалоні салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Умару Сисоку Эмбало бір-біріне делегация мүшелерін таныстырған соң, шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Президенттің айтуынша, Гвинея-Бисау – Қазақстанның Африка құрлығындағы маңызды серіктесі.

Біз екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға мүдделіміз. Екі ел арасындағы ықпалдастықтың келешегі зор деп санаймын. Ол үшін үкіметтер өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін қарастыруға бар күш-жігерін салады. Біз басты халықаралық құрылымдардағы, ең алдымен, БҰҰ және Ислам ынтымақтастық ұйымындағы Сіздің еліңіздің өкілдерімен байланысты күшейтуге дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы.



Өз кезегінде Умару Сисоку Эмбало қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

– Қазақстанмен тығыз қарым-қатынас орнатудың мәні

зор. Мен бұған дейін еліңізге Премьер-министр ретінде келген едім. Бұрнағы жылдары Гвинея-Бисаудың студенттері Қазақстанда оқыған болатын. Олардың басым бөлігі тех-

никалық мамандық бойынша

білім алды. Біз осы бағыттағы ынтымақтастықты жалғастырығымыз келеді. Себебі Қазақстаннан үйренеріміз көп, – деді Гвинея-Бисау Президенті.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА КӨШ БАСЫНДАҒЫ ӨНІРЛЕР ҚАТАРЫНДА

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров негізгі экономикалық көрсеткіштердің өсу қарқыны бойынша алдыңғы қатардағы аймақтарды атады.

– Өнірлердің дамуына келсек, 7 негізгі экономикалық көрсеткіш бойынша 6 өңірде – Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстарында, Астана, Шымкент қалаларында өсу байқалады. Өңдеу өнеркәсібінде де оң өсу қарқыны сақталуда. Өндіріс көлемі 5,3 пайызға дейін жеделдеді. Өсу 14 өңірге тіркелді. Ең жоғары өсу қарқыны Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан Қарағанды облыстарында, – деді Н.Байбазаров.

Аймақта өткен 11 айда экономикалық өсім деңгейі 7,4 пайызды құрап, облыс бюджетінің шығындар жоспары 97,2 пайызға орындалды. Республикалық бюджеттің нысаналы трансферттері 94 пайыз игерілді. Мұнан бөлек, мәжілісте алдағы жылы «Қызылорда-Жезказған» жолына реконструкция жасалатыны, «Қызылорда-Ақтөбе» жолы бойынша жаңа жоба басталып, төрт жолақты қозғалысқа көшірілетіні айтылды. Еске салсақ, Мемлекет басшысы Сыр еліне сапары кезінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі аралығы шын мәнінде өте тар екенін атап өтіп, оны кеңейту жұмыстарын тезірек бастауды тапсырған болатын.

Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов аймақтардың негізгі макроқорсеткіштеріне тоқталды.

– Өнірлердегі жағдайға келсек, барлық негізгі макроқорсеткіштер бойынша Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Түркістан облыстары, Астана және Шымкент қалалары өсімді қамтамасыз етті, – деді Үкімет басшысы.

/// БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!

2025 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ
ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКАНЫҢ АЛТЫН ӨЗЕГІ

«Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Энергетиктер күніне орай мерекелік шара өтті. Салтанатты жиынға зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері, құқық қорғау органдары мен жауапты сала басшылары, қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы энергетика саласы қызметкерлерін, жиналған қауымды Тәуелсіздік күнімен және кәсіби мерекемен құттықтады.

– Баршанызды ел болып атап өткен мерейлі мерекеміз – Тәуелсіздік күнімен

құттықтаймын! Әділетті Қазақстан құру жолындағы ізгі мақсат-мұратымызға адал еңбекпен, бекем бірлікпен, тату тірлікпен, толайым жетістікпен жете берейік!

2-бет



/// ӘБДІЖӘМІЛ НҮРПЕЙІСОВ – 100

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗАҢҒАР ШЫҢЫ

Кеше Қызылордадағы «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына арналған «Әлем таныған Әбдіжәміл» атты еске алу кеші өтті. Басқосуға Астана мен Алматы қалаларынан арнайы келген ақын-жазушылар, Арал ауданының делегациясы, зиялы қауым өкілдері, жауапты сала басшылары, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің балалары мен қала тұрғындары қатысты.



Аймақ басшысы әлем әдебиетінің қазынасын толтырған қайраткер қаламгер туралы айтып, абыз ақсақалдың құрметіне арналған шараға шақыртуды қабыл алған қонақтарға өңір халқы атынан риясыз алғысын білдірді.

– Алаштың асыл перзенті, Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов – ғасырға жуық өмір сүрген ғажайып тұлға. «XX ғасыр – қазақ әдебиетінің

алтын ғасыры» атануына зор үлес қосқан суреткерлердің бірі де бірегейі Әбе екені анық. Әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған «Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» дилогиясы – Нұрпейісовтің ғана емес, күллі қазақ әдебиетінің, әлем әдебиетінің табысы болып саналады. Атақты екі шығарма отыздан астам шетел тіліне аударылып, әдебиетімізді дүние жүзіне танытты, әлем әдебиетшілерінің үздік бағасына ие болды.

2-бет

/// БАЙҚАУ

ТЕРМЕ – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ, ЖЫР – РУХ ҚАЙРАҒЫ

Кеше Қызылордада «Руханият жылы» аясында мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің өнегелі өмір жолына, «Шаһнаманың» жарық көргеніне 90 жыл, «Терме» жинағының жарық көргеніне 100 жыл толуына арналған «Терме – тәрбие, жыр – рух» атты республикалық жыршылар байқауы өтті.

6-бет

ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРША ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы әкімдігінің алдындағы арбат бойына орнатылған жаңажылдық шырша шамын жағу рәсіміне қатысты.

Іс-шарада аймақ басшысы тұрғындарды алдағы Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– Жаңа жыл – жұртшылықтың асыға күтетін мерекесі, жайдары көңіл-күймен, зор үмітпен алға ұмтылатын айрықша сәт. Санаулы күндерден соң тарихқа айналатын 2024 жыл өңіріміз үшін аса маңызды оқиғаларға толы болды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында облысымыз қарқынды өркендеу жолына түсті. Әлеуметтік-экономикалық дамуда оң тенденция қалыптасты, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындалды.

Халықтың әл-ауқатын, өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу бағытында нақты шаралар қабылдадық. Алдымызда айқын міндет, анық жоспарымыз бар. Өтер жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп. Жаңа 2025 жыл еліміз бен аймағымыз үшін берекелі,

табысты болғай! Баршанызға зор денсаулық, отбасыларыңызға ырыс-ынтымақ тілеймін! – деді аймақ басшысы.

Бас шыршаны жағу мәртебесі өз саласында үздік атанған жерлестерімізге – самбодан жасөспірімдер, жастар және ересектер арасындағы 6 дүркін ел чемпионы, жасөспірімдер арасында 2 дүркін Азия чемпионы, 2 дүркін Әлем чемпионы, спорт шебері Нұржан Тұмырзаевқа, М.Шоқай атындағы №187 мектеп-лицейдің 7-сынып оқушысы, «Кенгуру лингвистик» халықаралық сайысының, «Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсының жеңімпазы Аяулым Әбдіқадыраға берілді.

Мерекелік іс-шара көңілді концертпен жалғасты. Жергілікті өнерпаздар Айсулу Әбді, Динара Кыдырбай, Аружан Төреғали кеш қонақтарына ән-жырдан шашу шашты.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі



Суреттерді түсірген Б.Бекжанов

Валюта бағамы \$ 524,66 kzt

€ 550,21 kzt

₸ 5,09 kzt

Ауа райы

+5° +7°

0° -1°

ЕКІЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Мұнан соң екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізілді.

— Сіз Қазақстанға Гвинея-Бисаудың Президенті ретінде алғаш рет келіп тұрсыз. Мұны тарихи сапар деуге болады. Жоғары деңгейдегі осы кездесу екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашады деп сенемін, — деді Президент.

Былтыр Қазақстан мен Гвинея-Бисау арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 10 жыл толды. Президенттің айтуынша, бүгінгі тарихи кездесу өзара тиімді серіктестікті одан әрі тереңдетуге негіз болады.

— Осы кезең ішінде біз өзара қолдау мен берік достыққа негізделген ынтымақтастық орнаттық. Серіктестігімізді одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар. Әсіресе, экономика және сауда-саттық салаларының әлеуеті жоғары. Мен бүгінгі сапарыңызды екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған маңызды қадам деп қарастырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Гвинея-Бисау Президенті БАҚ өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Умару Сисоку Эмбалоний Қазақстанға ресми сапары алыс жатқан елдерді байланыстырып, халықтарымыздың тілегі мен ниеті бір екенін көрсетеді.

1-бет

ЖОСПАРЛАНҒАН ҚАРЖЫ ИГЕРІЛУІ ТИІС

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өлімсіздік әлеуметтік-экономикалық дамуы, республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары және сирек кездесетін, құрып кету қаупі төнген жануарларды сақтау мәселелері талқыланған Үкімет отырысы өтті. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте көтерілген мәселелерге орай жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктелді.

— Барлық конкурсты аяқтап, 20 желтоқсанға дейін жаңа келісім-шарттар бойынша міндеттемелерді қазынашылық органдарында тіркеуді қамтамасыз етіңіздер. Жоспарланған қаржы 100% толық игерілуі керек. Ол үшін тауар жеткізушілермен және мердігерлермен тиісті жұмыс жүргізіңіздер. Сирек кездесетін және жоғайлу қаупі бар жануарларды браконьерліктен қорғау, табиғат зиянмаларын бұзудың алдын алу қажет. Жергілікті аңшылар мен еріктілерді жұмылдырып, қасқыр аулау тұрақты түрде ұйымдастырылсын.

«Сексеул-Жезказған» теміржолының Арал ауданы аумағындағы бекеттерінде қойылған қоршауларды киіктің өріс аударуы үшін ашу керек, — деді Н.Нәлібаев.

Өткен 10 айда өңірде негізгі макрокөрсеткіштер бойынша өсім қалыптасты. Атап айтқанда, өңдеуші өнеркәсіп көлемі 20,6, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,5, құрылыс жұмыстарының көлемі 62, көлік және қоймалау көлемі 3,3, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 15,3 және сауда көлемі 6,5 пайызға артқан.

Аймақ экономикасына 559 млрд 373 млн теңгенің инвестициялары тартылды. Оның 72 пайызы — жеке инвестициялар. Өңдеуші өнеркәсібінің өнімін ұлғайтуға бағытталған 10 млрд 800 млн теңгенің 13 жобасы іске асты. Ауыл, орман және балық шаруашылығында 199 млрд 644 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 2,5 пайызды құрады, ол негізінен егін шаруашылығы есебінен қамтамасыз етілді.

Облыс аумағын жануардың 40-тан астам, құстың 300 түрі мекендейді. Оның ішінде Қазақстанның «Қызыл кітабына» 31 жануар түрі енгізілген. «Өңтүстік Қазақстан» мемлекеттік табиғи қорық аймағы мен Арал, Сырдария, Шиелі аудандарына 5 600 алаулақ жерсіндірілді. Бүгінде облыс аумағына шамамен 30-40 мың бас киік қоныс аударады. Осы кезеңде киіктің қауіпсіздігін сақтаудың 2025-2027 жылдарға арналған арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, ол бойынша жұмыс жүргізілуде.

ЭНЕРГЕТИКА — ЭКОНОМИКАНЫҢ АЛТЫН ӨЗЕГІ



Энергетика әлеуметтік сала мен индустрияны алға жылжытушы күш, экономиканың алтын өзегі, локомотиві және негізгі дінгегі болып саналады. Сондықтан бұл сала қызметкерлері әрқашан жоғары құрметке және қоғамдық мәртебеге ие.

Бүгінде аймақ экономикасының барлық саласының дамуында оң тенденция қалыптасқанын білесіздер. Өңіріміз негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орында.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей қолдауының

1-бет

арқасында аймақтың энергетика саласы қарқынды дамуда. Өздеріңізге белгілі, Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы салынуда.

Бүгінде инвестор — «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 127 млрд теңгеден астам инвестиция салды. Бұл — тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған ең ауқымды, теңдесіз жобалардың бірі. Жаңа орталық өңірдің электр энергиясына деген қажеттілігін толық қамтып, бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік

береді. Өңір үшін айрықша маңызға ие нысанды келер жылы ел игілігіне табыстайтын боламыз.

Биылғы Энергетиктер күні «Қызылорда электр тарату тораптары» және «Қызылорда жылу-электр орталығы» мекемелерінің құрылғанына 60 жыл толуымен қатар келгенін айрықша атап өткен жөн. Әр үйді жарықпен, жылумен қамтамасыз етуге, тұтас өңір экономикасын жылжытушы күш ретінде бұл кәсіпорындардың қызметі ерекше маңызға ие. Кәсіпорын қызметкерлері күннің ыстық-суығына қарамастан жұмысын атқарып, елге қуат, жанға шуақ сыйлап келеді.

Сала мамандары мен ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтаймын! Тұрмыс-тіршілігіміздегі аса маңызды саланың дамуына қосқан үлестеріңіз үшін алғысымды білдіріп, еңбектеріңізге жеміс, атқарған әр істеріңізге сәттілік, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға ырсы-ынтымақ тілеймін! — деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты жиында сала мамандарына марапат төрінен көрінді. «Қызылорда жылу-электр орталығының» директоры Дінмұхаммед Исламов «Парасат», «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясы Сырдария ауданындағы электр торабы оперативтік-диспетчерлік тобының электромонтері Қазбек Ерімбет, «Қызылорда жылу-электр орталығы» кәсіпорны өңтүстік бу қазандығының сорғы жабдықтарын жөндеу шебері Мағауя Бегімов ІІІ дәрежелі «Еңбек

даңқы» ордендерімен марапатталды. Ал «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорнының бас инженері Наурыз Баярстановқа «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды.

Сонымен қатар, сала мамандарының біркатары Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, «Электр энергетикасы саласына қосқан үлесі үшін» медалімен, «Еңбек сіңірген энергетик», «Құрметті энергетик» төсбелгілерімен марапатталды.

Ерекше еңбегімен көзге түскен азаматтарға «Үздік дәнекерлеуші», «Үздік электр энергетик», «Үздік жылу энергетигі», «Үздік электромонтер» номинациялары және 500 мың теңге көлемінде сыйақы берілді.

Айта кету керек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау үшін Қызылорда облысында құны 800 млрд теңге, қуаттылығы 1100 мегаватт жаңабу-газқондырғысының құрылысы жоспарлануда. Қазіргі таңда «Самұрық Энерго» компаниясы Қатар инвесторымен келіссөздер жүргізіп, техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Жаңа бу-газ қондырғылары Қызылорда қаласынан Ұлытау облысына шығаберіс аумаққа салынады. Бұл құрылысқа әкімдік 280 гектар жер бөлді. Станцияны 2029 жылы толығымен іске қосу жоспарлануда.

Энергетиктер күніне орай ұйымдастырылған іс-шара мерекелік концертке ұласты.

ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАДА ЖАҢА БАСШЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы болып тағайындалған Әбілхайров Дәурен Тұрғанбайұлы таныстырылды.

Аймақ басшысы Дәурен Әбілхайровтың жаңа қызметіне сәттілік тілеп, бірқатар маңызды міндет жүктеді.

— Өріптесіміз аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен етене таныс. Мемлекеттік қызметте және жеке секторда, ірі өндіріс орындарында қызметтің түрлі сатысынан өтіп, мол тәжірибе жинаған әлеуеті жоғары кадр.

Басқарма мен оның жаңа басшысына маңызды міндеттер жүктелді. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларға инвестиция тарту, индустриялық аймақтардың тиімділігін арттыру үшін шағын өнеркәсіптік парктер құру, өңірде инвестиция тартуға тиісті шаралар қабылдау, кәсіпкерлік субъектілерінің санын, жұмыс күшін, өндірілген өнім көлемін ұлғайту керек. Дәурен Тұрғанбайұлы тәжірибесіне сүйеніп, өнеркәсіп және кәсіпкерлік салаларын дамытуда аянбай еңбек етеді деп сенім арттымыз, — деді облыс әкімі.

Д.Әбілхайров 1979 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге келген. Ресей Федерациясы Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетін «Инженер», Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін «Экономика» мамандықтары бойынша бітірген. Башқұртстан Республикасы Ғылым Академиясы энергоресурстарды тасымалдау проблемалары институтының аспиранты. Техника ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын 2002 жылы «Торғай-Петролеум» АҚ мұнай-газ өндіру цехының операторы ретінде бастап, әр жылдары кәсіпорында түрлі жауапты қызметтер атқарған. 2014-2016 жылдары «Саут-Ойл» ЖШС-да, Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің өңірлік департаментінде бөлім басшысы болып еңбек еткен. 2019-2023 жылдары Энергетика министрлігінде, «Торғай-Петролеум» АҚ-да басшылық лауазымдарда болған.

2023 жылдан 2024 жылдың қазанына дейін «Торғай-Петролеум» АҚ бас директоры қызметін атқарып келеді.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗАҢҒАР ШЫҢЫ

Әбдіжәміл Нұрпейісов — Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап кешкен жеңіс жауынгері.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Өбәні 95 жылдық мерейтойымен құттықтаған жеделхатында: «Сізді егемен еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан аса көрнекті жазушы, сөз өнерінің патриархы ретінде қадірлейміз. Қазақ қаламгерлері арасынан дараланып шығып, бірегей тұлға дәрежесіне көтерілген өзіңізді үнемі мақтан етеміз» деген еді. Мемлекет басшысының бағалауы Әбдіжәміл Нұрпейісов тұлғасындағы биіктікке өлшем болады.

Шын мәнінде жазушының рухына жасалған құрмет — ұрпақтың рухани қазынасын молайта түсудің бір жолы. Қазақ халқының, қазақ әдебиетінің толы — Қазақстанның Халық жазушысы, сөз өнерінің патриархы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығы құтты болсын! — деді Н.Нәлібаев.

Сондай-ақ облыс әкімі қаламгерлердің қарашанырағы — Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдығымен құттықтады.

— Алыптардың ісін лайықты жалғасаң, «Әдебиет — ардың ісі» деген қағидаға берік ұстанған, қазақ елінің руханияты мен әдебиетін өркендету жолындағы жұмыстарыңызға табыс тілеймін, — деді аймақ басшысы.

Айта кету керек, жақында ғана Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар одағының бастамасымен және «Қазақ ПЕН» клубының ұйымдастыруымен Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖЫЛ АЯҒЫ — ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен бюджет қаржысын игеру, құрылыс нысандарындағы жұмыс қарқыны, жылу маусымының барысы, коммуналдық қызметтердің көрсетілуі талқыланған жиын өтті. Басқосуға қала, аудан әкімдері, жауапты сала басшылары қатысты.

Аймақ басшысы осыған дейін берілген тапсырмалардың орындалуына тоқталып, межелі көрсеткішке қол жетпеген жағдайда жауапкершілік бірінші басшылардан сұралатынын ескертті.

— Жыл соңына дейін бюджет қаражатын тиімді игеріп, нақты бағыттарға жұмсау қажет.

Биыл аяқталатын құрылыс нысандарындағы жұмысты бақылауға алыңыздар. Мердігер мекемелермен ұдайы байланыста болып, құры-

лыдығына арналған халықаралық ғылыми-танымдық конференциялар өтті. Конференцияға Мәдениет және ақпарат министрі арнайы қатысып, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының жеделхатын табылады. Шетелдік және отандық ғалымдар баяндама оқып, «Біздің Өбе» атты естелік кітаптың тұсауы кесілді, жазушының тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды.

Қаламгердің туған жері Сыр өңіріндегі «Руханият жылы» аясында жыл бойы тағлымды шаралар өткізіліп, қазан айынан бері «Әлем таныған Өбе» атауымен кешенді рухани-танымдық топтамаларға басымдық берілуде.

«Қалам ұшындығы ғалам» атты халықаралық суретшілер симпозиумы, «Теніз текті тұлға» атты республикалық шығармашылық байқау, естелік кітаптардың жарық көруі, Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада өткен «Кітап және қаламгер» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы — соның айғағы.

Осы іс-шарада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «ТҮРКСОЙ» Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулеттің 70 жасына орай ақынға сый-құрмет көрсетілді. Аймақ басшысы «Құрмет грамотасын» табыстап, дәстүрге сай иығына шаптан қақты.

Еске алу кешінде арнау айтылып, «Қан мен тер», «Сен» спектакльдерінен үзінді көрсетілді, өңір өнерпаздары жыр шашуын жолдады.

Рухани шаралар ертең қаламгердің туған топырағы Арал ауданында жалғасады.

ӨРКЕН

ТЕРЕҢӨЗЕКТЕГІ ҚОНЫСТОЙ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барды. Тәуелсіздік күні қарсаңында Тереңөзек кентінде аймақ басшысының қатысуымен әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін сатып алынған 140 пәтерлік 70 тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсімі өтті. Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов, қоғам қайраткері Ибрагим Әбибуллаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа пәтер иелерін қоныстоймен құттықтады.

— Бүгін Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышында, пәтер кілтін табыстау рәсімінде бас қостық.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін атап өтті. Өңірмізде тұрғын үй құрылысына, баспана мәселесін шешуге баса мән берілуде.

Биыл тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға бюджеттен 39 млрд 100 млн теңге бөлінген. Бүгінде 1618 пәтер

пайдалануға беріліп, 965 пәтер жыл соңына дейін сатып алынады. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты.

Аймақта тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті. Бұл көрсеткіш 2022 жылы 683 мың шаршы метр болса, жыл соңына дейін 864 мың шаршы метрге ұлғаятын болады.

Бүгін, міне, Тереңөзек кентіндегі тұрғын үйлер дайын болып, иелеріне салтанатты түрде табысталып, Жаңа баспаналарыңыз татулық пен берекенің ордасына айналсын! Балаларымыздың шат күлкісімен жаңа үйлердің іші

бақытқа толсын! Қоныстарыңыз құтты болсын! — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шарада бірлікті бекемдеуге үлес қосқан ел ағаларына, жаңа тұрғын үйлерді салған құрылысшыларға облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Ибрагим Әбибуллаев батысын берді.

Айта кетейік, өткен жылы аудан бюджеті 12 млрд 113 млн теңге болса, биыл 16 млрд 797 млн теңгеге жетіп, 28 пайызға өсті. Тұрғындардың әлеуметтік, инфрақұрылымдық мәселелері кезек-кезеңімен шешіліп келеді. Биылдың өзінде 20 шақырымнан астам автомобиль жолы жөнделіп, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесі 99 пайызға жетті.

Электр энергиясымен қамту бағытында екі жоба жүзеге асауда. «Шаған» ауылының электр желілері құрылысы аяқталды. Тереңөзек кенті мен Қалжан ахун ауылдық округі «көгілдір отынмен» қамтылды. Басқа да игі бастамалардың жемісін көретін күн жақын.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ БІРІНШІЛІК

«Үстел теннисі орталығында» Тәуелсіздік күніне орай теннистен Қызылорда облысы әкімінің кубогына арналған облыстық біріншіліктің ашылу салтанаты өтті.

Оған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық үстел теннисі федерациясының президенті, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев арнайы қатысты.

Шахмардан Асқарұлы спорт саласының жыл көлеміндегі жетістіктеріне тоқталып, қатысушыларға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді.

Абзал Ералиев теннистің жастар арасындағы даму қарқынын, алдағы уақытта теннис клубы ашылатынын тілге тиек етті. Аталған облыстық біріншілік екінші рет ұйымдастырылуда. Байрақты бөсекеге 7 ауданнан 150-ге жуық спортшы қатысуда. Үздіктерге облыс әкімінің арнайы кубогы табысталды.

Айта кету керек, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен, аймақ

басшысының бастамасымен Сыр өңірінде заманауи үлгіде жабдықталған спорт кешендері салынады. Бұл өңір халқының спортпен тұрақты шұғылдануына және спортшылардың тыңғыллықты дайындауына жол ашты.

Өткен жылы 13 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп, оның 9-ы қолданысқа берілді. Осы жылға өтпелі болған 4 нысанның құрылысы толық аяқталды. «Үстел теннисі орталығы» қазан айында ашылды.

Бұдан бөлек, сол жағалауда халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындаық стадионның іргетасы қаланды. Қазіргі таңда құрылыс қарқынды жүруде. Алдағы уақытта «Қызылорда Арена» облысындағы спорт кешенінің құрылысы басталады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУУЫ

«СЫР ЖАСТАРЫ» ӨНІРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҮЙ БЕРІЛДІ



Тәуелсіздік күні аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Сыр жастары» өнірлік бағдарламасының қатысушыларына 40 пәтерлік тұрғын үйдің кілтін табыстады. Салтанатты рәсімге облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, зиялы қауым өкілдері, жауапты сала басшылары мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа қоныс иелеріне ізгі тілегін білдіріп, өңірдегі ауқымды жобаларды атап өтті.

– Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін мерейлі мереке аясында аймақ жастарына бес қабатты тұрғын үй пәтерлерінің кілтін салтанатты түрде табыстаудамыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еңбек жолын енді ғана бастаған жастар бірден пәтер сатып ала алмайтыны түсінікті. Жастардың баспана алуына жан-жақты жағдай жасау керек. Бұл – мемлекеттің басты міндетінің бірі» деп атап өтті.

Жастардың тұрғын үйге мұқтаждығы мәселесін шешу үшін 2022 жылдың желтоқсан айында өткен облыстық жастар форумында алғаш рет «Сыр

жастары» бағдарламасын несиелендіру жолымен жүзеге асыру туралы шешім қабылданды. Оған облыстық бюджеттен «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы кредит беруге 1,2 млрд теңге бөлінді.

«Сыр жастары» – жылына 100 жас отбасыны баспанаман қамту бағытында қолға алынған өнірлік тәжірибе.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз бар халқымызда. Өз кезегінде бағдарламаны бірлесіп жүзеге асыру үшін «Отбасы банк» 500 млн теңге қаржы бөлді. Мамыр айында 60 жас отбасы баспаналы болды. Бүгін, міне, 40 пәтердің кілтін табыстаймыз. Бұл қоныстой – басталған жұмыстың жалғасы. Бағдарламаға келесі жылға да облыстық бюджеттен қаржы қаралды.

Шаңырақтарыңыз балалармен

базарлы, құтты қонақтарымен ажарлы болсын! – деді Н.Нәлібаев. Іс-шарада мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Биғали Каюпов батасын беріп, жаңа пәтер иесі, көпбейінді қалалық аурухананың жас маманы Салтанат Сейіткамал көрсетілген қолдауға алғысын жеткізді.

Бүгін пәтер кілтін алған отбасылар қатарында ұстаздар, медицина мамандары мен бюджеттік мекемелер қызметкерлері бар.

Айта кетейік, биыл облыс бюджеті 750 млрд теңгеге жетіп, тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39 млрд 100 млн теңге бөлінді. Өткен жылдан бері қалада жеті, тоғыз, он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Мемлекет басшысының қолдауымен ұлттық жобалар аясында соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Жыл басынан бері 2000-ға жуық отбасы қоныстой тойлады, тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті.

МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Руханият жылы» аясында, Тәуелсіздік күніне орай мәдениет саласы қызметкерлеріне алғаш рет 40 қызметтік жаңа пәтердің кілтін табыстады. Рәсімге зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы баспана бақытына келген қоныстанушыларды құттықтады. – Тәуелсіздік – ата-бабамыздың арманы, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен келген ең қымбат қазынамыз. Қастерлі қазынаны қорғау, сақтау, оны мәңгі ету – баршамыздың парызымыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еңселі ел болуымызға барлық саланың, түрлі мамандықтың өкілдері және барша азаматтарымыз бірлесіп атсалысуы» деген болатын.

Қыркүйек айында Алматы қаласындағы Қызылорда облысының өнер күндерін өткізуге атсалысқан өнерпаздармен, мәдениет саласының қызметкерлерімен кездесуде сала мамандарына қызметтік пәтерлер берілетіні айтылған болатын. Міне, араға ұзақ уақыт салмай, «Руханият жылы» аясында, Тәуелсіздік күніне орай мәдениет саласы қызметкерлеріне алғаш рет 40 қызметтік жаңа пәтердің кілтін табыстаудамыз, – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, 2024 жыл өңірде «Руханият жылы» деп жарияланып, тек мәдени-көпшілік шараларға ғана емес, ауқымды жобаларға баспа мән берілді. «Анаға тағым», «Отбасы орталығы», көпфункционалды 1000

орындық «Өнер орталығы» салынып, жаңадан симфония оркестрі, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасакталды.

Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдерінің «Жыраулар үйі» ашылды. Облыстық тарихи-өлкетану музейі, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау үшін «Шығармашылық академиясы» салынууда. Жаңа нысандар келесі жылдың мамыр айында пайдалануға беріледі.

Облыстың мәдениет мекемелерінің 25 қызметкері Италия, Беларусь елдерінде, еліміздегі белгілі өнер ұжымдарында біліктілігін арттырды. Мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында өткен жылдан бері «Тұран» сыйлығы дәстүрлі түрде табысталауда.

«Руханият жылы» аясында барлық ауданда ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» салынууда. Алғашқы орталық Қармақшы ауданында пайдалануға берілді. Алдағы уақытта басқа аудандардағы орталықтар да іске қосылады.

БӘРІ ДЕ БАЛА ИГІЛІГІ ҮШІН



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Тәуелсіздік күніне орай Жаңақорған ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Рәсімге облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, зиялы қауым өкілдері, жауапты сала басшылары мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын еліміздің ұлық мерекесімен, жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, әлеуметтік-экономикалық дамуға жетістіктерге тоқталды.

– Баршаңызды бірлігіміздің бастауы болған мерекеміз – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Мерейлі мерекеде Жанакорған кентіндегі жаңа «Оқушылар үйі»

қымды жобалар атқарылды. Жаңа нысандар ел игілігіне айналды. «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында физика-математика мектеп-интернаты, «Шығармашылық-инновациялық орталығы», «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынууда.



Казан айында елімізде алғашқылардың бірі болып ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы 900 орындық білім ошағын табыстадық. Бүгінде 9 мектеп салынууда, жыл соңына дейін 4-уі іске қосылады.

Білім, ғылым, мәдениет және өнер саласының дамуы – өркениеттің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші. Өңір мектептерінде оқитын 184 мың оқушының 168 мыңнан астамы

спорттық секциялар мен үйірмелерге қатысады. Бүгін балаларымыздың игілігіне берілген аудандық «Оқушылар үйінде» 19 үйірме бар. Бұл жаңа ғимарат балаларымызға бос уақытын пайдалы өткізуге, түрлі жанаулықтар ашуға мүмкіндік беретін екінші үйіндей болады деп сенеміз. Ел іргесі берік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда қаржы саласының ардагері Қалхазбек Әжібеков бата беріп, еңбек ардагерлері мен құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Өткен жылы облыс орталығындағы 4 мектептің жанынан 1850 орынға арналған қосымша ғимарат салынды. Қаржы үнемделіп, үш ауысымды оқытуға көшуі мүмкін мектептер мәселесі шешілді.

Былтыр 1170 орындық 4, осы жылдың басында 550 орындық 2 мектеп қолданысқа берілді.

Жаңа оқу жылы қарсаңында Шиелі ауданында 100 орындық, Жаңақорған ауданында 150 орындық мектеп шәкірттерді қабылдады, 5 мектептің жанынан қосымша құрылыс салынды, 8 мектеп ғимараты күрделі жөнделуде өтті.

Қызылорда қаласында «Қаз-ГерМунай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық «Оқушылар сарайы» ашылды. Бұл – саладағы қолға алынған бастамалардың бір бөлігі ғана.



мен «Өнер мектебінің» салтанатты ашылуына жиналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» деген болатын.

Білім саласының бюджеті 264 млрд теңгеге жетіп, салада ау-

БІР КҮНДЕ ЕКІ ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Тәуелсіздік күніне орай Шиелі ауданының «Тартоғай» және «Алмалы» ауылдарында дәрігерлік амбулатория ашылды. Салтанатты жиындарға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, зиялы қауым өкілдері, жауапты сала басшылары мен ауыл тұрғындары қатысты.



Аймақ басшысы жұртшылықты мерекемен құттықтап, жаңа нысандардың ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

– Баршаңызды еліміз үшін айтулы мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Ұлтымыздың қасиетті де қастерлі мерекесі күні «Тартоғай», «Алмалы» ауылдарында «Ауылдық денсаулық сақтауда жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынған жаңа дәрігерлік амбулаторияны ел игілігіне табыстауға жиналды.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында аймағымыз байыпты бастамалар мен жасампаз жобалардың ордасына айналууда. Өткен 11 айдың қорытындысына қарасақ, өңіріміз барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алдыңғы қатарда. Облыс бюджеті 750 млрд теңгенде асты.

Осыдан екі жарым жыл бұрын аймақ бюджеті 364 млрд теңге болатын. Өсім 206 пайызды құрады.

Дені сау ұрпақ – Өділетті Қазақстанның келешегі. Ұлт саулығын нығайтып, ауыл халқына сапалы медициналық қызмет көрсету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Жаңа ғимарат баршаңызға құтты болғай! Еліміз еңселі, тірлігіміз берекелі, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! – деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаев бата беріп, еңбек ардагерлері, дәрігерлік амбулаторияларды салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Биыл облыстың денсаулық сақтау саласының бюджеті 146 млрд 200 млн теңгеге жетті. Ұлттық жобамен барлық ауданда 27 медициналық нысан салынуы жоспарланып, өткен жылы 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет пайдалануға берілді. Биыл 9 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет іске қосылады. Оның ішінде, Шиелі ауданында 3 дәрігерлік амбулатория Досбол би, Бала би, «Бұланбай бауы» ауылдарында салынды. Қалған 11 нысанның құрылысы аяқталуда. «Тартоғай», «Алмалы» ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулаториялар ашылса, «Ортақшыл», Тәжібаев, «Бестам» елді мекендеріндегі медициналық нысандар жақын күндері ел игілігіне табысталады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



«ТӨМЕНАРЫҚ» АУЫЛДЫҚ АУРУХАНАСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Тәуелсіздік күніне орай Жаңақорған ауданының «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсек-орынға арналған аурухананың ашылу рәсімі өтті.



Салтанатты жиынға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, зиялы қауым өкілдері, жауапты сала басшылары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады.

Егемен ел болу – бізге тағдыр сыйлаған ұлы бақыт әрі үлкен жауапкершілік. Ұлтмыздың қасиеті де кәсіпкерлік мерекесі – Тәуелсіздік күнінде «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсек-орынға арналған жаңа ауылдық аурухананы ел игілігіне табыстаудымыз.

Облысымыздың бюджеті екі жарым жылда 206 пайызға ұлғайып, 750 млрд теңгеден асты. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласы айрықша маңызға ие екенін айтып, медицина мамандарының мәртебесі мен беделі жоғары болуы үшін барлық жағдайды жасауды тапсырды.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңіріміздің барлық ауданында 27 медициналық нысан салынуы жоспарланып, өткен жылы 16-сы іске қосылды. Оның ішінде, 1 дәрігерлік амбулатория Жаңақорған-ның «Қаратөбе» ауылында ашылды. Қалған 11 нысанның құрылысы аяқталуда. Жақын күндері «Бесарық», Әділбағдар ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға беріледі.

Бүгін іске қосылған жаңа нысан азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға жол ашсын! Ақ халатты абзал жандар – дәрігерлеріміз елге адал қызмет етіп, науқастың дертіне дауа тауып, халық алғысына бөлене берсін! – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жынында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев батасын беріп, еңбек ардагерлері мен құрылысшылар болып

әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Қызылорда қаласында 1 медициналық бекет, 1 дәрігерлік амбулатория салынды.

Жылына 10 мың адамға қызмет көрсететін «Қан орталығы» ашылып, жұмысын бастады. Жыл басында ана мен бала өмірін қорғау мақсатында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды.

Облыс орталығында емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана, Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсек-орынға арналған ауылдық аурухана құрылысы жүргізілуде. Нысан жақын күндері пайдалануға беріледі. Биыл Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» оңалту орталығы іске қосылса, жақын арада осындай орталық Арал ауданында да ашылады.

Бұдан бөлек, ұлттық жоба аясында 4 көпбейінді аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыс салу жоспарланған.

Сондай-ақ 8 медициналық нысан күрделі жөндеуден өтіп, 6 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады.

Медициналық құрал-жабдықтар сатып алынып, жабдықталу деңгейі 87,1 пайызға көтерілді. 2022 жылы халықтың сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Кейінгі 2 жылда денсаулық сақтау мекемелеріне 225 жаңа санитарлық автокөлік беріліп, елді мекендердің сұранысы толық қамтамасыз етілді. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының өңірге бағытталған қаржысына облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» орталығы ашылып, қажетті дәрі-дәрмек алынды.

Облыстық онкология орталығына 1 млрд 100 млн теңгенің скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешені берілді. Мұндай кешен республика бойынша 3 облыста ғана бар.

/// БИБИГҮЛ ТӨЛЕГЕНОВА 95 ЖАСТА

Қазақтаның Бибигүлі



Өткен ғасырдың 50-жылдарынан біздің ауылда да радио торабы жұмыс істей бастады. Арнайы қызметкер келіп, таңғы 6-дан радио торабын қосатын. Содан оянамыз. Жаналықтар, алуан түрлі әдеби-музыкалық хабарлар, ауыл еңбеккерлеріне арналған концерттер әрбір үйдегі кішкене қорашадан тыңдалып жататын. Ол заманда теледидар дегенің жоқ. Бос уақыттағы ермегіміз – кітап оқу, радио тыңдау. Бізді, сол кездің балаларын ата-аналарымызбен бірге Жамал Омарованың, Рабига Есімжанованың, Роза Бағланованың, ағайынды Абдуллиндердің құйқылжыта келген әндері ерекше баурайтын. Сәл кейінірек домбырасына қосылып тым тәуір қазақи ән салатын Ләззат Сүйіндікова шықты. Бүгінгідей екінің бірі емес, ол заманда әншілер санаулы. Ал күйшілерден есімде қалғаны Қали Жантілеуов, Мағауия Хамзин, Әзидолла Ескалиев болатын.

Неге екенін қайдам, Ермек Серкебаев пен Бибигүл Төлегенованы үлкендер жағы көбірек тыңдай қоймайтын. Кейін білсек, классикалық дүниелерді орындағандықтан шығар, олардың өнерін шын түсініп бағалай алмаған. Расын айтсам, мен де бұл екі әншіні 60-жылдардың ортасында мойындадым. Әсіресе, Ермек Серкебаевтың әулеттен «Сұршақызы», Бибигүл Төлегенованың «Гауһартасы» мен «Бұлбұлы» еріксіз баурай бастады.

Беріге дейін сахнаның сөніне айналып, бұлбұлдай сайраған Бибигүл ағайды тума талант, өмірге сирек келетін құбылыс деуге болады. Қазір 95 жасқа келіп отырған әншіні тебіренбей жазу мүмкін емес. Ол – қазақ еліне Алланың берген сыйы.

Бибигүл Ахметқызы Төлегенова 1929 жылы 16 желтоқсанда Семей қаласында дүниеге келген. Жас кезінен музыкаға құлағы қанып өседі. Олай дейтініміз әкесі скрипка тартып, анасы ән салады екен. Күнкөріс қамымен Семейдің ет комбинатында жұмыс істеп жүрген Бибигүл сол бір жылдары осында жер аударылып келген жазушы әрі кәсіби әнші Галина Иосифовна Серебрякова кездестіреді. «Бұлақ көрсен, көзін аш» дегендей, болашақ әншінің өнер жолындағы алғашқы ұстазы осы Серебрякова болған. Жұмыстан қолы босаған кешкіліктерде Бибигүлді үйіне шақырып алып, ән салуға баулыған. Талантты қыз Галина Иосифовнаның талмай үйретуінің арқасында баяағы 3 айдың ішінде «Риголетто» операсындағы Джильданың ариясын, Штраустың «Көктемгі дауыстар», Тулюковтың «Қуаныш вальсі» өз нақышында келтіріп, жатқа айтатын дәрежеге жеткен. Серебрякова өзінің өмірбаяндық кітабында Бибигүл Төлегеновны былайша еске алады: «Алғашқы дыбыстардан бастап-ақ мені өзіне тартып алды. Оның тембрінің ғасырдағы өте үздік колоратуралық сопраномен кездейсоқ ұқсастығы мені таңамаша қалдырды.

1931 жылы Лондондағы «Альберт Холд» қайталанбас әнші Курчиді тыңдаған едім. Міне, шалғай қиырдағы Семейде әлі ән айтуға үйренбеген жас әншінің даусына сол бір күн сәулесіндей нәзік, бақбақ гүлдің ұлпаларындай жұмсақ ноталар құйқылжыған болатын...».

Осы жерде Бибигүл Төлегенованың жастайынан көп қиыншылық көргенін де айта кету керек. 1937 жылы әкесін «халық жауы» деп ұстап, сол кеткеннен оралмайды. Қамқоршысынан айырылған жылдар Бибигүлді ерте есейткен сынайды. Ол туралы өзі былай депті: «Әкемнен қалған сенсен тонды тілгілеп, шешемнің біздерге қысқы аяқкіім тігіп беретіні есімде қалған. Кәдімгі тері байпақтар. Олардың өзі бір-екі аптадан аспай, быт-шыты шығатын. Соған қарамастан анам тонды кикалап қайта тігетін...».

Бірде қыстың қақаған суығында шешем екеуміздің біреудің кірін жуып-шайқағанымыз бар. Кір жуатын машина, су құбыры деген атымен жоқ, барлығы өзен суына қолмен жуылады. Анам қолдарының көгеріп кеткеніне қарамастан жұмысын тоқтатпады. Ол кездің қуанышты күндері аз болатын. «Халық жауының» қызы атану оңайға соқпады, ол отбасымыздың бәріне шарпуын тигізді...».

Бибигүл 18 жасында Алматыға келеді. Консерваторияға түседі. Тұрмыс құрып, балалы-шағалы болады. Бір жа-

ғы оқу, бір жағы бала тәрбиесі, оның үстіне түсініспеген жұбайы бейнет үстіне бейнет қосады. Өмірден көрген қиындықтарын тәптіштеп жазбай-ақ қоялық. Тумысынан қайсар қыздың бәріне шыдап, бәрін жеңгенін айтумен шектелсек жарар. Қысқа қайырсақ, Бибигүл Ахметқызы – өмірін өнерге ғана арнаған жан.

Енді Бибигүл апамыздың біршама жылдар бұрын республикаға белгілі журналист Сауытбек Абдрахмановқа берген сұхбатынан үзінді келтіре кетейік:

Сұрақ: – Сіз консерватория бітірген жылы опера театрына қабылдандыңыз. Алайда көп ұзамай филармонияға ауысып кеттіңіз. Оған қатты өкінген, қиналған боларсыз?

Жауап: – Театрға барған бетте менің радиода қосымша жұмыс істейтінім екінің бірінші аузынан түспеді. Бір жиналыста театр директоры: «Біз сіздей кісілерді жоғары жылжытпаймыз» деп жіберді. Басымнан сөз асырмай өскенмін, онымнан атып тұрып: «Сіздің жылжытуыңызға күнім қарап тұрған жоқ, мен өзімді-өзім жылжытатын» деп салдым. Өнуәрбек Үмбетбаев партия ұйымының хатшысы еді, мені кабинеттен итеріп шығарып жіберді. Бұл 1956 жылғы жағдай...

Театрмен бірге Мәскеуге барып, көтеріңкі көңіл-күймен қайтып келе жатқанбыз. «Қандыағаш» стансасына келгенде вагонымызға бір кісі кірді.

– Төлегенова деген кім?

– Мен.

– Сіз болсаңыз, қазір осы жерде пойыздан түсуіңіз керек, – дейді.

– Е, неге?

– Құрманғазы оркестрімен концерт қоюға қатысасыз!

– Мен онда жұмыс істемеймін ғой...

– Жоқ, сіз сонда жұмыс істейсіз, сізді мына бұйрықпен таныстыруды маған тапсырды.

Мәскеуде жүргенде тағдырымыз сырттан шешіп, мені филармонияға ауыстырып жіберіпті. Купеде Роза Жамановамен бірге келе жатқанмын. Роза өзі қорқақ, заресі ұшып, кішкентай көздері бақырайып кетті. Есімді жиғанша болған жоқ, заттарымды буып-түйіп, сол «Қандыағаштан» түсірді де тастады. Жүрегім қан жылап, перронда қала бердім. Опера сахнасына шығарсам деп жүрген қаншама бейнелерім көзден бұлбұл ұшты... Артында Гурьевке оркестр жетті. Әуелде қиярсыз ауысқаныммен Қазақ мемлекеттік филармониясымен өткізген он бес жылғыма еш өкінемеймін. Филармонияның арқасында Құрманғазы атындағы оркестрмен бірге жүріп, еліміздің түкпір-түкпірін араладым. Атақтың бәрін, орденнің бәрін сонда жүргенде алдым.

«Қазақстанның Халық әртісі», «КСРО-ның Халық әртісі», Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы, «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Ленин» ордені... Бәрі-бәрі бірінен-кейін бірі келіп жатты. Сәл кейінірек, Еңбек Ері атанып, кеудеме «Алтын жұлдыз» тақтым. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Отан» орденімен марапатталдым... Ең бастысы, маған барлық жағдай жасалды. Оған шексіз ризамын... Менің мына өмірдегі бақытты сәттерімнің бірі Жүсіпбек Елебеков ағаның «Шырағым Бибигүл, «Гауһартасты» тірілтіңіз, ризамын» деп көзіне жас алып тұрып бата бергені. Сол сәтте өзіме-өзім күбірілеп, «Жүсекеннен бата алсаң – әнші болғаның» дегенмін.

...Жазушы Дулат Исабеков Мәскеу маңындағы әскери бөлімде жүріп, аздап жауынгерлік постта көрші қыстақтың сыртқа қойған қалқанды радиосынан Бибигүлдің орындауындағы «Гауһартас» әнін естиді. Жүрегі толқып, туған елге деген сағынышы оянады. Содан ол «Гауһартас» повесін жаз- бастанан ғой. Өзімен бірге әскери борышын өтеп жатқан жас қазақ жауынгерлері күнделікті жазғанын күнде кешкілік ықыластана тыңдайды екен. Кейін осы әдеби шығарманың желісімен «Қазақфильм» киностудиясы «Гауһартас» фильмін түсіргенін білеміз. Фильмнің сәтті шыққаны сонша, әлі экраннан түскен жоқ. Ал повестің өзі қаншама елдің тіліне аударылып басылды. Шығарманың лейтмотиві – таяу жылдарға дейін халық әні аталып келген Сегізсерінің «Гауһартас» әні. Кезінде жазушының «Гауһартас» повесін қолдан-қолға тигізбей оқып едік.

Бибигүл Ахметқызының консерваторияда білім алғанын жоғарыда айтып өткенбіз. Өзінің әншілік өнерімен елге таныла отырып, шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі де айтарлықтай. Шәкірттерінің бәрін санамалап жату артығырақ болар, алайда біздің аймақтан шыққан белгілі әнші, марқұм Қаракөз Ақдәулетованы, бүгінде республика көлеміне танылған опера әншісі Самал Байсейітованы атай кету керек. Сәл ертеректе «Қазақстан» телеарнасының «Айтуға оңай» бағдарламасына арнайы шақырылып, қатысқан Бибигүл туралы хабарды көргенбіз. Сол хабарда жоғарыда атап кеткен екі шәкірті де отырды. Бибигүл ана Қаракөзді үлкен қызым, Самалды кіші қызым дейді екен. Үшеуі қосылып ән салды, жарасымды-ақ. Хабар соңында бұлбұл әнші «Гауһартасты» шырақды. Сол баяғы сынғырлаған дауыс, бая- баяғы әсем ырақ, керемет қайырым. Таңданаңыз, таңданабақша шараң жок. Ән әншінің биік тұғырын танытып-ақ тұр. Омырауында «Алтын жұлдызы» жарқырайды...

«...1996 жыл еді, Минскіге бардым. «Бұлбұлды» орындадым. Концерттен соң, қай елден екені есімде жоқ, біреу келіп қолымды алып, мақтауын кеткізе алмай жатты. Арасында «как вы хорошо сохранились!» дегенді бір емес, екі рет айтып жіберді. Бұнысы несі сонша деп қоямын. Сөйтсем, шығармайтыны жоқ Дүйсен Қасейінов аңағы кісіге «между прочим ей уже восемьдесят пять» деп айтып үлгірген екен...

...2014 жылы Түркияда болдым. Дүйсен «ТҮРКСОЙ»-дың бес қаласында концертінді ойлағымдай етіп, ұйымдастырып берді. «Баяғы айтқан жасына апаңды ақыры жеткіздің десем, Дүйсен: «Көрдіңіз бе, менің сөзім періштені құлағына шалынған. Мен сіздің осы жасыңызға дейін сахнадан түспейтініңізді білгенмін», – дейді.

...2021 жылы ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналып, Алматы телеарнасына берген арнайы сұхбатында Бибигүл ана өміріндегі небір ұмытылмас сәттердің куәсі болған әсем қала Алматыны сүйсіне айтып отырып: «Қызымды екеуміз белгілі өнер жұлдыздарына арнап антология шығардық. Оған Күләш Байсейітовадан бастап, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Роза Жаманова, Ришат Абдуллин, Әлібек Дінішевті енгіздік. Антологияны бастырып шығарған «Атамұра» корпорациясына мың да бір рахмет» дейді.

Тағы да 2022 жылы, яғни 93 жасында «Сарасөз» бағдарламасына келгенін көрдік. Бағдарламаны жүргізген Қаракөз Сүлейменованың берген сұхбатына тұшымды, салықалы жауаптар беріп отырды. Сұхбат барысында қазақ әндерінің кереметтігін айтып, өзі орындаған бірнеше ән жайлы, олардың орындалу мәнері турасында сыр бөлісті. «Бір ән салып бере аласыз ба?» деген жүргізушінің өтінішінен кейін, әкесінің айтатын «Аққу елдің көлдегі» деп басталатын әнін орындап берді. Әрине, жас озған сайын, дауыс та тап бұрынғыдай болмайтыны ақиқат. Десе де, әлі бұлбұл үнін ізі жоғалмаған... Хабар соңында қонаққәдеге «Жиырма бес» әнін шырақды. Тыңдай бергің келеді...

Ақпарат көздерінен естіп-біліп отырғанымыздай, Астана қаласында немересінің бастамасымен өнер мектебі салынған. Қадірлары да таңдалып алынған. «Қазақ бұлбұлы» атанған Бибигүл Ахметқызы Төлегенованың биылғы 95 жылдығына орай ашылып, мектеп бірінші қыркүйектен бастап жұмыс істеп жатыр. Әрине, мектеп әншінің атындағы жеке мектеп. Ол жер әлі-ақ талай-талай жас өнерпаз шәкірттердің өнер ордасына айналар... Осы жылдың 22 қыркүйек күні әйгілі әнші өзінің кіндік қаны тамған Семей қаласында халқымен қауышып, «Қазақтың Бибигүлі – халықтың бұлбұл үні» деген тақырыппен тамаша ән кеші өткітті. Кешке облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев арнайы қатысып, жерлесін 95 жасымен құттықтапты.

Әлемді әуенімен тербеген ән бұлбұлы ғасыр жасына қарай бара жатыр. Жасыңызға жас қосыла берсін Қазақтың Бибигүлі!

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Білім беру ісінің құрметті
қызметкері,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМІ

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов Жаңақорған ауданының «Бесарық» ауылында 375 орындық бастауыш сыныпқа арналған қосымша оқу ғимаратының ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты жиында жауапты сала басшылары мен ауыл тұрғындары болды. Шахмардан Асқарұлы жиналған жұртшылықты Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

– Тәуелсіздік – сан ғасырлар бойы ата-бабамыздың аңсаған асқақ арманы. Азаттық пен елдік, береке мен бірлік – қай халықтың да алтынға айырбастамас асылы!

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында Сыр өңірінде ауқымды жобалар іске асуда.

Облыс әкімінің бастамасымен биыл білім саласына бөлінген қаржы 264 млрд теңгеге жетіп, аймақ бюджетінің 42,5 пайызын құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9,3 пайызға артық.

Бүгін міне, «Бесарық» ауылындағы Жүсіп Қыдыров атындағы №54 мектеп жанынан салынған 375 орындық қосымша оқу ғимаратының ашылу салтанатына жиналдық.

Бұл құрылысқа 789,6 млн теңге қаржы «Білім беру инфрақұры-

лымын қолдау» қоры арқылы бөлінді.

Жаңа ғимаратта балаларымызға сапалы білім мен саналы тәрбие беріледі деп сенеміз. Ұрпақтәрбиесі – ұлт болашағы. Ертең елге тұтқа болар тұлғалардың тәрбиесіне бүгіннен көңіл бөлгеніміз абзал. Бұның барлығы жас ұрпақтың игілігі үшін жасалуда, – деді Ш.Байманов.

Еске салайық, өткен жылы облыс орталығындағы 4 мектептің орын тапшылығы мәселесін шешу үшін 1 850 орынға арналған қосымша ғимараттар салынды.

Шарада құрылысты сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері және ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

ЫНТЫМАҚ

АТАУЛЫ ЖЫЛДЫҢ ЖОСПАРЫ ӘЗІРЛЕНДІ

«Достық үйінде» облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қорытынды іс-шарасы өтті. Оған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, ҚХА жанындағы қоғамдық құрылымдардың мүшелері, этномәдени бірлестіктердің басшылары, «Ассамблея жастары» ұйымының белсенділері, «Қоғамдық келісім» КММ серіктес мекемелерінің қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шара облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайту бағытында атқарған жұмыстары көрсетілген бейнероликпен бастау алды.

Мұнан соң облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Уалихан Ибраев сөз алып, облыстық ҚХА-ның жалпыұлттық бірлікті қалыптастырудағы орнын ерекше атап өтті.

Еліміздің әлеуметтік-саяси өмірінде, жалпыұлттық бірлікті сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының орны ерекше. Сан түрлі этнос өкілдерін бір мақсатқа, бір мүддеге топтастыру арқылы елдігіміздің қалыптасу, тәуелсіздігіміздің нығайту тарихында айрықша рөл атқарып келеді.

Бүгінде елімізде бір шаңырақтан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін. Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өтетін шаралар жоспары әзірленді, оның бәрі іскерлік сипатта өтеді. Жоспарда «Бірлігіміз – әралуандыққа» деген басты қағидамызды паш ететін іс-шаралар мен әлеуметтік сипаттағы жобалар өзара үйлесім таппақ. Ассамблеяға жүктелген міндеттер шеңберінде облыстық басқармалар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, ғылым және мәдениет қайраткерлері, қоғам өкілдері, түрлі деңгейдегі қоғамдық құрылымдар, ақсақалдар және аналар кеңестері, медиация кеңесі, ғылыми-сарапшылық топ, журналистер мен сарапшылар клубы, ассамблея жастары барлығы да мемлекеттік этносаралық саясатты ілгерілету, еліміздің бірлік пен бірегейлікті нығайту бағытындағы қызметін жүйелі және нәтижелі атқаруына атсалысатын болады, – деді.

Айта кетейік, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы

де осы, – деген ол ҚХА-ның 30 жылдығына орай өтетін шаралар жоспарына да тоқталды. – Келер жылы Ассамблея институтының 30 жылдығы атап өтіледі. Сыр өңірінде іс-шаралар жоспары әзірленді, оның бәрі іскерлік сипатта өтеді. Жоспарда «Бірлігіміз – әралуандыққа» деген басты қағидамызды паш ететін іс-шаралар мен әлеуметтік сипаттағы жобалар өзара үйлесім таппақ. Ассамблеяға жүктелген міндеттер шеңберінде облыстық басқармалар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, ғылым және мәдениет қайраткерлері, қоғам өкілдері, түрлі деңгейдегі қоғамдық құрылымдар, ақсақалдар және аналар кеңестері, медиация кеңесі, ғылыми-сарапшылық топ, журналистер мен сарапшылар клубы, ассамблея жастары барлығы да мемлекеттік этносаралық саясатты ілгерілету, еліміздің бірлік пен бірегейлікті нығайту бағытындағы қызметін жүйелі және нәтижелі атқаруына атсалысатын болады, – деді.

Айта кетейік, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы



түрлі этнос өкілдерімен тығыз байланыс орнатып, игі істердің бастамашысы болуда. Быыл түрлі форматтағы 400-ге жуық іс-шара ұйымдастырылды. Мәселен, отбасындағы әке рөлін арттыру, ұрпақ тәрбиелеу мен ел бірлігін сақтау мақсатында ақсақалдар кеңесі бірнеше отырыс өткізе, этномедиация бағытын дамыту бойынша да бірнеше жоба жүзеге асырылды. Сондай-ақ республикалық Аналар кеңесінің 10 жылдығына орай Сыр өңірі аналар кеңесінің «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы оң бағасын алды.

Ғылыми-сарапшылық топ аймақтағы этносаралық ахуалды ғылыми тұрғыда талдап, жүйелі жүргізілуіне септігін тигізуде.

Алдағы уақытта жас ғалымдар арасында жоба байқауларын ұйымдастыру, жас ғалымдар клубын құру жоспарлануда. Клуб құрамына педагогикалық, экономикалық, әлеуметтік бағытта білім алып жүрген жас ғалымдар қосылатын болады. Сонымен қатар өңірдегі 30-дан астам этнос өкілінің тарихын зерттеп-зерделеп, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Сыр өңіріндегі көп этностың тарихы» жинағын шығармақ.

Мұнан бөлек жастарды қоғамдық келісім негізінде топтастырған «Ассамблея жастары» өңірлік ұйымы түрлі шаралар мен акциялар ұйымдастырып келеді. Маусым айында туған



өлкенің тарихи-мәдени мұралары мен құндылықтарын тануға бағытталған «Өз еліңді таны!» экспедициясы ұйымдастырылды. «Сыр өңірі – бейбітшілік пен келісім мекені» жобасы аясында 32 шараға 3000-ға жуық адам қатысты. Этнос өкілдері тұратын аудандар мен ауылдарда да «Көш керуен» акциясы өтті.

Жалпы ізгі құндылықтарды сақтап, оларды дамыту жолында ассамблея институты қоғамның барлық саласында белсенді жұмыс атқаруда.

Жиында этносаралық достық қарым-қатынасты нығайтуға сүбелі үлес қосқан бірқатар азамат марапатталды. Мәселен, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» медалімен Юрий Фотиади, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының Құрмет грамотасымен облыстық ҚХА жанындағы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрмұрат Ерманов, Оқу-ағарту министрінің Алғыс хатымен М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры, облыстық аналар кеңесінің мүшесі Жақсығұл Тоғанова марапатталды.

Салтанатты іс-шара этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдарының мерекелік концертін жалғасты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бақылау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурсы жарияланды.

Конкурс өткізілетін күні: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №212 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: 120008, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №72, байланыс телефоны: 8 (7242) 23-51-50, e-mail: oblmc@mail.ru

Негізгі қызметі: Қызылорда облыс халқына мамандандырылған стационарлық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: жоғары білімнің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптардың бірінің:

- 1) Денсаулық сақтау салаларындағы кемінде он жыл жұмыс тәжірибесінің;
2) Денсаулық сақтау салаларындағы басшылық қызметте (заңды тұлға басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл тәжірибесінің;

3) Денсаулық сақтау салаларындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуын қамтиды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
6) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының нотариалды расталған көшірмесіне соңғы жұмыс орнына қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың үзінді көшірмесі;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталығы және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.
Үміткер конкурстық өтінішінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте үміткердің аты-жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 үй мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс. Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3008), 23-53-41.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» управления здравоохранения Кызылординской области.

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 212.

Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» управления здравоохранения Кызылординской области, 120008, Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Н.Назарбаева 72, контактный телефон: 8(7242) 23-51-50, e-mail: oblmc@mail.ru. Основная деятельность: оказание специализированной медицинской помощи, именно стационарной помощи населению Кызылординской области.

Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) Наличие опыта работы не менее десяти лет в сфере здравоохранения;
2) Опыта руководящей работы (руководитель юридической лица или его заместители) не менее пяти лет в сфере здравоохранения;

3) Являющегося членом общественного объединения в сфере здравоохранения. Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе представляет комиссий следующее документы:

Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе:

- 1) Заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
2) Резюме на государственном и русском языках;
3) Автобиография (в произвольной форме);
4) Нотариально заверенная копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
5) Нотариально заверенная копия документа о высшем образовании;
6) Нотариально заверенная копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
7) Документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. Кандидат запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, отчество и адрес кандидата. Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управления здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27. Телефон для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3008), 23-53-41.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БІРІНШІ ОРЫНДА

Ата-аналар, балаға ең жақын адам ретінде оған бес ережені үйретіңіз.
– Көшеде бейтаныс адаммен сөйлесуге және оларды үйге кіргізуге болмайды;
– Үйдің кіреберістеріне, басқа да адам тұрмайтын жерге барма;
– Басқа біреудің көлігіне отырма;
– Бейтаныс адамдардан сыйлық алма және олардың үйіне немесе басқа жерге бару туралы ұсынысына келіспе;

– Көшеде әсіресе, қараңғы түскенде, жалғыз қалуға болмайды.
– Балаға біреу, тіпті көрші болса да, қонаққа немесе үйге баруды ұсынса;
– Мектепке немесе балабақшаға бөгде адам келсе және ата-анасы бұл туралы алдын ала ескертпесе;
– Ата-анасы үйде жоқта бейтаныс адам келіп, оны пәтерге кіргізуді сұраса;

– Танысу және уақыт өткізу үшін бірдеңе жасаса жоқ деп айтуды үйретіңіз.
Бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамайық!

А.АБЖАЛИЕВА, Қызылорда КПБ ЖПҚБ ювеналды полиция бөлімшесінің аға участкелік полиция инспекторы

Кепілдік – кәсіпкерлерді қаржылай қолдау құралы және несиеге қол жеткізуге мүмкіндік береді



«Бірыңғай кешенді бағдарлама» аясында «Даму» Қоры банк алдында кәсіпкер үшін кепіл болып, несие қайтпай қалған жағдайда мемлекет негізгі борыштың бір бөлігін өтейтін кепілдік береді.
Бағдарлама аясындағы кепілдік мөлшерінің шарттары:
– Микро және шағын кәсіпкерлер үшін – несие сомасының 85%-на дейін. Кепілдік саудан басқа салаларға беріледі.
– Шағын және орта кәсіпкерлер үшін – несие сомасының 50%-на дейін. Егер іс жанадан бастаушы кәсіпкер болса кепілдік мөлшері – несие сомасының 85%-на дейін барады. Бұл бағыт бойынша кепілдік экономиканың басым секторларындағы жобалар үшін ғана беріледі.
– Шағын, орта және ірі кәсіпкерлер үшін – несие сомасының 50%-на дейін. Кепілдік тек өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету саласы үшін беріледі.
– Моно және шағын қалалар, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлер үшін – несие сомасының 85%-на дейін. Бұнда да іс бастаушы кәсіпкерлер үшін кепілдік мөлшері – несие сомасының 85%-на дейін. Кепілдік тыйым салынған салалардан басқа бағыттар бойынша беріледі.
– Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін – несие сомасының 50%-на дейін. Бұл бағытта да іс бастаушы кәсіпкерлер үшін кепілдік мөлшері несие сомасының 85%-на дейін.
– Кәсіпкерлер салалық шектеусіз беріледі.
– Қор биржасы үшін – облигациялар сомасының 50%-на дейін. Кепілдік экономиканың басым секторларындағы жобалар үшін ғана беріледі.
Кепілдік шарттарымен толығырақ damu.kz сайтында танысуға болады немесе 1408 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңирау шалу керек. «Даму» Қорының Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалы Қызылорда қаласы, И.Журба к-сі, 12 мекенжайында орналасқан.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «10» қаңтар 2025 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді.

АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «10» января 2025 года на повышение и понижение.

Table with 5 columns: № р/н п/п, Объектінің атауы/Наименование объекта, Орналасқан орны/Местонахождение, Кепіл мүлкінің сипаттамасы/Описание и характеристика залогового имущества, Бастапқы бағасы/Стартовая цена, Кепілдік жарна/Гарантийный взнос

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-да сауда-саттық өткізерден бір күн бұрын аяқталады.
Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК КЗ21856000000274901.
Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 54.
Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 15 сағат 00 минут. Сенімді тұлға – Смайыл М.Ә.
Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79212. 87479358394.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК КЗ21856000000274901. Место проведения торгов – г.Кызылорда, ул.Байтұрсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 15 часов 00 минут. Доверенное лицо – Смайыл М.Ә. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел.: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79212. 87479358394.

Жарамсыз деп есептелсін

Жеке кәсіпкер Аушен Мадина Нұрахметқызының (ЖК Мадина, ЖСН 960613400117) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ТЕРМЕ – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ, ЖЫР – РУХ ҚАЙРАҒЫ



Байқауға Астана, Алматы, Маңғыстау, Ақтөбе, Павлодар, Түркістан қалаларынан және аудандардан жыршылар қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын оқып, жыршыларға сәттілік тіледі.

– Темірбек Жүргенов есімі – қазаққа ғана емес, күллі түркі жұртына құрметті, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға. Жүргеновтің тікелей атсалысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданды. Алматыдағы бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының і

слегін, Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін ұйымдастырушылардың бірі болды.

Ол қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетті. Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин, Әбілхан Қастеев секілді қайраткерлердің шығармашылықпен айналысуына жағдай жасайды. Тұрмағамбет шайырды Алматыға арнайы алдырып, Фердоусидің «Шахнамасын» қазақ тіліне аударғты.

Темірбек Қараулы – өзіне өлмес, тозбас ескерткіш соғып кеткен тұғырлы тұлға. Біздің міндетіміз – оның есімін халық жадында жаңғыртып, өскелең ұрпаққа насихаттау. Халқымыздың дара перзенттерінің мұрасы


ел игілігіне қызмет ете берсін. Ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалар сөз маржанын жарқырата жырлап, жеңіс иесі болыңыздар. Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді Ш.Байманов.

Байқауға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова, қоғам қайраткері, «Т.Жүргенов атындағы қордың» төрағасы Сәби Аңсағат төрелік етті.

Қазылар алқасы жыршылардың орындаушылық шеберлігіне, мақам-саз үндестігіне, шығарманың мазмұнын көрерменге жеткізе білумен қатар, сахна мәдениетіне баса мән берді. Жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен, Алғыс хаттармен марапатталды.

ЖАНКЕНТ ҚАЛАШЫҒЫНАН ТАБЫЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР ОБЛЫСТЫҚ МУЗЕЙ ҚОРЫНА ТАПСЫРЫЛДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Археология және этнография ғылыми орталығы өкілдері Жанкент қалашығынан табылған тарихи жәдігерлерді Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырды.



Көне жәдігерлер тарихи-мәдени мұраның құнды үлгілері болып саналады. 2023-2024 жылдары жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған 10 жәдігердің қатарында 5 керамикалық, 5 тастан жасалған бұйым бар. Әсіресе, табылған жәдігерлер арасында Орта Азия аумағында сирек кездесетін «тышқан қақпаны» ерекше назар аудартады.


«Тышқан қақпаны» Сыр өңірінде алғаш рет анықталды. Бұл бұйым Қазақстанда бұрын тек көне Тараз қаласында табылған, ал Орта Азия аумағында жалпы саны төртеу. Оның екеуі Өзбекстандағы Пайкент және Қарауылтепе қалаларында анықталған. Ал Жанкент қалашығынан табылған бұл қақпаның Хорезм елінен немесе Тараз қаласынан әкелінгені туралы болжам бар. Мұндай қақпандар тек аумақты адамдардың тұрмысында қолданылған, бұл сол замандағы әлеуметтік ерекшеліктерді көрсетеді.

Жанкент – Сыр өңіріндегі ортағасырлық бекіністі қалалардың бірі. Қалашық шамамен 15 гектар аумақты қамтиды. Оның басты көшесі қалашықты екіге бөліп, солтүстік-батыс бұрышында цитадель орналасқан.

Биыл қазба жұмыстары екі бағытта жүргізілді. Бірінші топ солтүстік қорғаныс қабырғасы мен цитадельдің шығыс қабырғасында қазба жұмыстарын жүргізді. Ал екінші топ шығыс бөліктегі тұрғынжай аумағын зерттеді. Қазба барысында колонерге қатысты құнды деректер анықталды. Керамикалық бұйымдардың бір бөлігі қолдан жасалған, ал кейбіреулері айналмалы шеңберде дайындалған. Бұл жәдігерлер қаланың этно мәдени және экономикалық байланыстарын зерттеуге мүмкіндік берді. Тарих ғылымдарының кандидаты Сейдали Биалов жетекшілік еткен зерттеу тобының жұмысы Жанкент қалашығының ортағасырлық тарихын жаңаша зерделеуге жол ашты.

Айта кетейік, зерттеу жұмыстары облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асырылды. Тарихи жәдігерлердің қорына тапсырылуы олардың сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, ғылыми қауымдастыққа жаңа зерттеулер жүргізуге жағдай жасайды. Бұл зерттеулердің нәтижелері – өңірдің тарихи-мәдени мұраларын сақтауға, оларды насихаттауға маңызды қадам.

ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЫҢҒАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ



ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті әкімшілік процеске қатысушылар үшін кері байланыстың жаңа функционалын іске асырды. Осы функционал Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізлімінің жария секторының модулі және әкімшілік процеске қатысушылардың ыңғайлылығы мен уақытын үнемдеу үшін құрылған. Қосымшаның көмегімен қатысушылар әкімшілік іс бойынша өтінішті немесе шағымды тікелей оны қараған органға жібереді, оған уақытылы жауап алады. Ол үшін qamqor.gov.kz

акпараттық сервисінде «Әкімшілік құқықбұзушылықтарға шағым жасау» қосымша бетін таңдау қажет.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 826-1-бабы тәртібінде шағымды процеске қатысушы ғана өзінің электрондық-цифрлық қолтаңбасының (ЭЦҚ) көмегімен авторландыру арқылы бере алады. Шағымның мәнін баяндаумен қатар іс бойынша растайтын құжаттарды бекіту мүмкіндігі бар. Өтініш сақталғаннан кейін ол мемлекеттік органның лауазымды тұлғасына Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізлімінің ақпараттық жүйесіне түседі. Шағымды қарау нәтижесі өтініш берушінің e-mail поштасына электрондық хатпен жолданады.

Әкімшілік іс бойынша қаулыға және айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға берілетін шағымдарды қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 826-2, 826-3, 826-4, 826-5-баптарымен реттеледі. Сонымен қатар бұл жүйеде авторландыру, шағымдану және шағымның жүйедегі мәртебесін қарау бойынша қолданушыға арналған нұсқаулық бар.

М.АСЫЛХАН,

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті облыс бойынша департаментінің бөлім прокуроры

ТЕАТР

САХНАДАҒЫ ЕРТЕГІ ҒҰМЫР



Қазақ жерінде қуыршақ театры ұлттық ойындардан бастау алған. Ертеден келе жатқан «Ортеке» ойыны – осының дәлелі. Ағаштан жонып жасалған киік немесе ат мүсініне жіп тағып, домбыра шерткенде бір ұшын саусаққа іліп билететін болған. Тартылған күй бірғағына қарай «Ортеке» ойын көрсеткен.

Сыр еліндегі алғашқы қуыршақ театрының негізін қалап, бүгінгі күнге дейін мағынасы терең балалар қойылымдарын сахналап, болашақ ұрпақ бойына адамгершілік пен мейірімділікті сіңіруде Мәдениет саласының үздігі, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық-музыкалық драма театры жанындағы «Нартайдың бүлдіршіндері» қуыршақ тобының режиссері Күләш Жанмұратованың еңбегі орасан.

1983 жылы мәдени-ағарту училищесін «Клуб қызметкері, көркемөнер театры ұжымының жетекшісі», 1991 жылы Т.Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр және көркемсурет өнері институтын «Қуыршақ театрының актері» мамандығы бойынша тәмамдаған Күләш Дүйсенқызы биыл мерейлі 60 жасқа келсе, «Нартайдың бүлдіршіндері» қуыршақ тобының құрылғанына 20 жыл толып отыр.

Күләш Дүйсенқызы 2004 жылдан бері облыстық театр жанынан құрылған «Нартайдың бүлдіршіндері» қуыршақ тобының режиссері болып қызмет атқарып келеді.

Кішкентай көрерменнің көз алдында бүкіл әлемді сиқырға бөлеп жіберетін сирек мамандық иесі сахнада «Алтын сақа», «Ақылды Ақшақар», «Алдаркөсе мен шай-

тан», Т.Минуллиннің «Ауыл иті Ақбай», Р.Киплингтің «Маугли», Г.Ландаудың «Балапан қораз», О.Әубәкіровтің «Қожа мен спорт», Ө.Тұрманжановтың «Құмырсақар, аралар, қиыспас дос құдалар», Ж.Қожаберген, К.Жанмұратованың қаламынан туған «Ит пен мысық, тышқан дос», «Тапқыр бұзау», «Алдаркөсе, Қарадәу+Супертасбақа», С.Мақұлбековтің «Балапан», Ә.Файзуллаұлының «Үй таңдаған лақ», М.Байғұттың «Достық қымбат бәрінен» және А.Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» қуыршақ спектакльдері қазіргі таңда Сыр бүлдіршіндерінің сүйікті ертегі қойылымдарына айналды. Ол репертуар таңдауда үлкен ізденіске барады. Түрлі тақырыптарды қамти отырып, сан қилы идеяларды ұштастыра біледі.

Драма театрының болашақ көрермендерін тәрбиелеуде, үлкен сахнаның көрерменін даярлауда К.Жанмұратованың еңбегі зор. Репертуардағы «Ауыл иті Ақбай», «Балапан қораз», «Токта, сақтан жол ашық!» атты қойылымдар – бүлдіршіндерді тәлім-тәрбиеге баулитын, достық пен адалдықтың, жақсылық пен жамандықтың айналысында өрбитін тақырыптық спектакльдер. Жас артистерге қуыршақтармен жұмыс істеуді, оның өзіндік техникасын үйрете жүріп, ертегі спектакль-

дердің шығармашылық деңгейін биікке көтеруге бар ынтасымен кірісіп, ізденіспен қажырлы еңбек етіп жүрген шын талант иесі театрда балалар аудиториясын қалыптастырды. Қазір театрда қуыршақ тобының көрермен, артистерге арналған дайындық залы және қуыршақ сактайтын арнайы қоймасы да бар. Әр қойылым барысында режиссер балаларға аз-кем мәлімет беріп, өнердің қыр-сырымен, таяқ қуыршақ, планшет қуыршақ, бессауақты қолғап қуыршақ, бойлы қуыршақ және марионетка сияқты түрлерімен таныстырады.

Қажырлы еңбегі мен театр өнерінің дамуына қосқан үлесі үшін К.Жанмұратова «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, облыстық кәсіподақтар ұйымының, Қазақстан Театр қайраткерлері одағының Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Мерейтойы қарсаңында Қазақстан Театр қайраткерлері одағының «Дара» төсбелгісі табысталды. Сахнадағы әрбір сәтті ертегі ғұмырға айналған Күләш Дүйсенқызына барша жақсылықты тілейміз. Өнер әлеміндегі дара жол, дара өнер түрі – қуыршақ тобының сахналық туындылары көп болғай!

Ұлбосын ҚЫЛЫШБАЕВА,
театртанушы, сыншы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.